

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 105 және 2005 жылғы 27 мамырдағы N 527 қаулыларына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1318 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың ерекшелігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу ережесін және кеме жүзуі үшін ашық кеме жүретін су жолдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 105 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 4, 58-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген кеме жүзуі үшін ашық кеме жүзетін су ж о л д а р ы н ы ң т і з б е с і н д е :

5-тармақтағы "Ресей Федерациясымен шекараға" деген сөздер "Солтүстік Қазақстан облысының Приишимка кентіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Кеме қатынасы су жолдарын пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 527 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 22, 279-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Кеме қатынасы су жолдарын пайдалану е р е ж е с і :

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Кеме қатынасы су жолдарын күтіп ұстау мынадай жағдайлар кезінде т а л а п е т і л м е й д і :

1) егер кеме қатынасы су жолының екі жағалауы да кеме жүзетін болып табылса және кемелердің қозғалысы сағаның бүкіл ені бойына мүмкін болса ( мұндай жағдайда навигациялық белгілер орнатылмауы мүмкін);

2) егер кеме қатынасы су жолының бүкіл ұзына бойында шектеулі қазулар болмаса және кемелер мен құрамдар үшін қалемі мен шөгугі бойынша шектеулер болмаса."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК